

16. Maximova G.P. *Modernisation of education in higher education on the integration of pedagogy and art in the media environment: dissertation Candidate of Pedagogical Sciences - Rostov-n/D 2007.-86s.*

17. Rean A.A. *Psychology of personality adaptation. Analysis. Theory. Practice. - SPb.: Prime-Euroznak, 2006. – 17s.*

FTAXP 15.29.37

<https://doi.org/10.51889/2959-5967.2025.83.2.031>

Сардарова Ж.И. , Сарсенбай Ұ. 

¹Абай атындағы Қазақтың ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

²Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан,

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ АУТИСТІК СПЕКТРІ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДАУ ӨЗЕКТІЛІГІ

Аңдатпа

Ғылыми мақала бүгінгі инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берді қажет ететін балалар санатын құрайтын топ – аутизм спектрі бұзылысы бар білім алушыларды оқыту мәселесін қозғаған. Бұл категорияға өкілдері дамудың күрделі аралас бұзылыстарымен, оқудың, бейімделудің және жалпы денсаулықтың төмен көрсеткіштерімен сипатталады. Сол себепті де аутистік спектрі бұзылыстары бар білім алушылардың мектептегі оқытуын ұйымдастыру арнайы білім беру нысандарының арақатынасын және олардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келетін жалпы білім беру ортасына икемді енгізуді талап етеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға білім беру үрдісі – бұл әр түрлі жас кезеңдерінде бұл балалардың жеке басының даму ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылған үздіксіз әлеуметтік тәрбие қызметі. Бұнда басты роль атқаратын тұлға - педагог екенін ескерсек, болашақ педагогтарды аутистік спектрі бұзылыстары бар білім алушылармен жұмыс істеуге психологиялық дайындау мәселенің өзектілігі арта түседі.

Түйін сөздер: болашақ педагогтар, аутистік спектрі бұзылыстары бар білім алушылар, психологиялық дайындық, өзектілігі

Сардарова Ж.И.^{1*}, Сарсенбай Ұ²

¹Казахский национальный педагогический университет им.Абая, Алматы, Казахстан

²Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

АКТУАЛЬНОСТЬ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ К РАБОТЕ С ОБУЧАЮЩИМИСЯ С РАССТРОЙСТВАМИ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА

Аннотация

Научная статья затронула проблему обучения обучающихся с расстройством аутистического спектра-группы, составляющей категорию детей с особыми образовательными потребностями в условиях современного инклюзивного образования. Представители этой категории характеризуются сложными смешанными нарушениями развития, низкими показателями обучаемости, адаптации и общего состояния здоровья. Поэтому организация школьного обучения обучающихся с расстройствами аутистического спектра требует соотношения форм специального образования и гибкого внедрения в общеобразовательную среду, отвечающую их особым образовательным потребностям. Образовательный процесс для обучающихся с особыми образовательными потребностями представляет собой непрерывную социально-воспитательную

деятельность, педагогически организованную с учетом особенностей развития личности этих детей в разные возрастные периоды. Учитывая, что главная роль в этом играет педагог, актуальность проблемы психологической подготовки будущих педагогов к работе с обучающимися с расстройствами аутистического спектра возрастает.

Ключевые слова: будущие педагоги, обучающиеся с расстройствами аутистического спектра, психологическая подготовка, актуальность

Sardarova Zh.I^{1}, Sarsenbay U.²*

¹Abay Kazakh National Pedagogical University Kazakhstan, Almaty

²Korkyt Ata Kyzylorda University Kazakhstan, Kyzylorda

THE RELEVANCE OF PSYCHOLOGICAL TRAINING OF FUTURE TEACHERS TO WORK WITH STUDENTS WITH AUTISM SPECTRUM DISORDERS

Annotation

The scientific article touched upon the problem of teaching students with an autism spectrum disorder, a group that makes up the category of children with special educational needs in modern inclusive education. Representatives of this category are characterized by complex mixed developmental disorders, low rates of learning, adaptation, and general health. Therefore, the organization of school education for students with autism spectrum disorders requires a balance of forms of special education and flexible implementation in a general education environment that meets their special educational needs. The educational process for students with special educational needs is a continuous social and educational activity, pedagogically organized taking into account the peculiarities of the personality development of these children in different age periods. Given that the main role in this is played by the teacher, the relevance of the problem of psychological preparation of future teachers to work with students with autism spectrum disorders is increasing.

Keywords: future teachers studying with autism spectrum disorders, psychological training, relevance

КІРІСПЕ ДДҰ мәліметтері бойынша 2024 жылғы берілген мәліметке сүйенсек, аутизм жүз баланың біреуінде кездеседі. Аутизмнің белгілері ерте балалық шақта анықтау мүмкіндігіне қарамастан, көбінесе, диагноз кейін анықталуда. Осыған орай, бұл ауру түрі барлық балаларқауымының 1 %-да кездеседі деп тұжырымдауға негіз бар [1].

2007 жылдан бастап БҰҰ Бас Ассамблеясы 2 сәуір күнін аутизм проблемалары туралы Дүниежүзілік ақпарат тарату күні деп жариялаған еді. Бұл халықаралық күннің мақсаты – қоғамды осы мәселеге қатысты, осы балалар туралы хабардар ету және бұл балалардың оларды қабылдағандарын, ортаға енгендерін және өкілеттікке ие екендерін сезінетін әлем құру. Бұл өз кезегінде, осы балаларды қабылдайтын қоғам құру арқылы олардың құрдастарымен қатар дамуы үшін арнайы жағдай жасап, барлық қажетті көмек бере алуымыз қажеттілігі қарастырылды [1-2].

Аталған мақсатты жүзеге асыру бағытында елімізде қарқынды түрде жұмыстар атқарылуда. Бүгінгі таңда елімізде осы бастаманы жүзеге асыру мақсатында 31 орталық жұмыс жасауда, оның ішінде 15 оңалту және 16 ерте араласу орталықтары. Сонымен қатар, егер медицина саласында бүгінгі күні 3 айдан бастап ерте анықтаумен қамту міндеті жүзеге асуда, өйткені негұрлым ертерек диагнозы анықталса, соғұрлым оңалту үрдісі де соғұрлым тиімді болатындығы басты назарға алынып отыр. Сонымен қатар скрининг сапалығына ерекше назар аударылып, оның бес түрі: неонаталдық, аудиологиялық, есту дамуы, көру дамуы және психофизикалық дамуды анықтау скринингі жүргізіледі [3].

Алайда, республика көлемінде берілген мәліметтерге сүйенсек, ерекше білім беру қажеттіліктері бар 175 082 бала есепке алынса, оның ішінде 8796 -сы аутизм диагнозымен. Сонымен

қатар үкімет деректерінде көрсетілгендей, 2018 жылдан бастап аутизм спектрінің бұзылуы (АСБ) бар балалардың саны екі есеге өскен. Бұл, әрине, оның алдын алу және кең таралу себебін терең зерттеумен қатар, ең алдымен қоғамдық ортаны, онымен іс-әрекетте болатын педагог кадрлар тобын даярлау жұмысын алға қойды [4]. Сол себепті де педагогтардың аутистік спектрі бұзылыстары бар білім алушылармен жұмыс істеуге психологиялық дайындығы мәселесі - бүгінгі күнгі өзекті мәселе деп айта аламыз.

Жалпы аутизм спектрінің бұзылуы баланың психикалық дамуының ерекше жүйелік бұзылуымен байланысты, оның аффективті-ерікті саласының қалыптасуында, когнитивті және жеке дамуында көрініс табады. Барлық аутизм спектрі бұзылысы бар балаларға ортақ үш белгі бар, олар [5-7]:

- қарым-қатынас қиындығы;
- әлеуметтенудегі қиындықтар;
- эмоционалды байланыс орната алмау;
- сөйлеу дамуының бұзылуы.

Халықаралық жіктемеге сәйкес, аутизм спектрінің бұзылыстары психологиялық дамудың жалпы бұзылыстарына жатады (F-84). Ол әлеуметтік өзара әрекеттесудегі және қарым-қатынас көрсеткіштеріндегі сапалық ауытқулармен, стереотиптік мүдделер мен әрекеттердің шектеулігі қайталанатын кешенімен сипатталатын бұзылулар тобы. Сондай-ақ бұл сапалық ауытқулар барлық жағдайда жеке тұлғаның іс-әрекетінің жалпы сипаты болып табылады.

Жалпы. айтқанда, балалық аутизм -бұл туа біткен бұзылулармен немесе қарым-қатынас, әлеуметтік өзара әрекеттесу және стереотиптік мінез-құлық қиындықтарымен көрінетін психологиялық дамудың бұзылуы, яғни бұнда шындық өмірден өз әлеміне енуі басым болады.

Қазіргі таңда аутизм спектрі бұзылған білім алушыларға қызмет көрсету сапасын үнемі жетілдіріп отыру талаптары педагогтарға ерекше жауапкершілікті жүктейді. АСБ бар білім алушылардың білім алуын жүзеге асыру базалық түзету жұмыстарын сапалы жүзеге асыра алатын білім беру ұйымының педагогтарын даярлау процесіне ерекше талаптар қояды. Бұнда негізгі компонент кәсіби педагогикалық дайындықты білдіреді (пәндік, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білім, білік және дағдылар). Ал арнайы психологиялық-педагогикалық білім мен дағдылар келесі мазмұн құрайды [8-9]:

- Аутизм спектрі бұзылған балалардың физиологиялық, психологиялық заңдылықтары мен ерекшеліктерін білу;
- Инклюзивті білім берудің мәнін, маңыздылығын білу;
- АСБ бар білім алушыларға берумен қатар қалыпты балалармен кіріктірілген білім беруді ұйымдастыру кезінде оқыту үдерісін тиімді жобалай алу;
- білім беру ортасының барлық субъектілері арасындағы өзара түсіністікке, ынтымақтас-тыққа құрылған жағымды қарым-қатынас стилін қолдана алу.

Ең бастысы -бұл аутизм спектрі бұзылған балаларды оқытатын мұғалімдердің барлығы арнайы компонентке ие болулары тиіс. Білім беру ұйымының педагогтерін АСБ бар білім алушылармен жұмыс істеуге дайындау гуманистік идеяларға қол жеткізуге, гуманистік принциптерді іске асыруға бағытталған мотивациялық және жеке қасиеттерді, қажетті кәсіби құндылықтарды қалыптастыруды қамтуы тиіс.

Құзыреттілік тұғырын қолдаушылар (В.А.Козырев, Е.В.Пискунова, А.П.Тряпицын) мұғалімдерді даярлау оның кәсіби құзыреттілігін дамытуды көздеуі тиіс деген көзқараста. Мұғалімнің кәсіби дайындығы гностикалық, құндылық-семантикалық, белсенділік және жеке компоненттерден тұруы тиіс. Мұғалімнің кәсібилігі -бұл қажетті теориялық және практикалық білім мен дағдыларды меңгеруі ғана емес, сонымен қатар психологиялық дайындығы, яғни кәсіби дайындықтың психологиялық дайындықтың болуын болжайды [10-12].

Психологиялық дайындық - бұл ішкі және сыртқы жағдайлардың жиынтығы, ең алдымен, бұл маманның, мұғалімнің жеке қасиеттері: интеллектуалды, мотивациялық, эмоционалды ерік-жігер, кәсіби құндылық, кәсіби қызметке дайындықты қамтамасыз етеді. Бұл ішкі сенімділік пен

шешімділік, кәсіптік оқыту үдерісінде қалыптасатын және қызметтің сәттілігін қамтамасыз ететін шоғырлану кезеңі, өйткені кәсіби қызметтің тұрақтылығы мен сапасы маманның психологиялық дайындығы деңгейіне байланысты. Сол себепті де психологиялық дайындық - бұл кәсіби қызметтің тиімділігінің шарты.

Мұғалімнің аутизм спектрі бұзылған балалармен жұмыс істеуге кәсіби дайындығы -бұл белгілі бір педагогикалық жағдайда оңтайлы шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін оның білімі мен кәсібилігінің деңгейі. Кәсіби дайындық кәсіби дайындықтың нәтижесі және оның сәттілігін реттеуші болып табылады.

Күнделікті практикаға және ғылыми-зерттеу жұмыстарына сүйене отырып, АСБ бар білім алушылармен жұмыс істеуге мұғалімнің психологиялық дайындығының өлшемдерін төмендегі мазмұнда қарастыра аламыз:

- интеллектуалды дамудың әртүрлі деңгейлері мен эмоционалды-ерікті салада ауытқулары бар аутизм спектрінің бұзылулары бар балаларды эмоционалды қабылдау;
- оқу үдерісіне аутизм спектрінің бұзылулары бар білім алушыларды қосуға дайындық;
- сәтсіздіктерді жеңуге дайындық;
- кәсіби рефлексияға қабілеттілік;
- өзара әрекеттесуге және оқуға дайындық;
- өз күшіне және қабілетіне деген сенімділік, қиындықтарды жеңу үшін өзін-өзі басқару және қиындықтарды жеңу үшін өзін-өзі жұмылдыру қабілеті;
- өзінің педагогикалық қызметіне қанағаттану

Біздіңше, болашақ педагогтың психологиялық дайындығында ерекше мән беретін мәселе - бұл аутизм спектрі бұзылған білім алушылармен жұмыс істейтін мұғалімнің өз қызметін реттеудің жоғары деңгейіне жетуі. Яғни шытырман жағдаяттарда өзін-өзі сырттай бақылауы арқылы жағдайлардың өзгеруіне тез және сенімді жауап беріп, шешім қабылдай алу қажеттігі. Осыған орай, оның қоржынында, өзін-өзі басқару қабілеті, қиын күтпеген жағдайларға бейімделе алу қабілеттері болуы маңызды. Бұл ең алдымен, оқу-тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыру үшін ерекше маңызды, өйткені аутизммен ауыратын баланың жүйке жүйесін сақтайтын және оны шамадан тыс қозу мен шаршаудан қорғайтын қорғаныс режимін құруға маңызды орын беріледі.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

2024-2025 оқу жылында болашақ педагогтардың, оның ішінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бүгінгі инклюзивті білім беру жағдайында аутизм спектері бұзылыстары бар білім алушылармен жұмыс істеуге деген дайындығын анықтау мақсатында мониторинг жүргізілген болатын. Оған Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 6B01303-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 3-4 курс студенттері қатыстырылды. Барлығы 86 студент қатыстырылды.

Мониторинг мақсатына жетуде келесі міндеттерді шешу қажет болды:

- аутизм спектрі бұзылған білім алушыларға инклюзивті білім беру туралы, нормативтік-құқықтық база туралы білімдерін айқындау;
- қалыпты білім алушылармен аутизм спектрі бұзылған білім алушыларды біріктере оқытуға болашақ педагогтардың көзқарасын білу;
- аутизм спектрі бұзылған білім алушыларды оқытуда қолданылатын оқыту технологиялары туралы мағлұттарын және оларды игеруге деген қызығушылықтарын анықтау;
- болашақ кәсіби жұмысында аутизм спектрі бұзылған білім алушылармен жұмыс істеуге деген психологиялық дайындығын тексеру.

Біз болашақ педагогтың психологиялық дайындығын келесі көрсеткіштер аясында сипаттадық:

- аутизм спектрі бұзылған балаларға эмпатия көрсету;
- әлеуметтік- психологиялық толеранттылық көрінісі;
- инклюзивті білім берудің негізгі құндылықтарын түсіну және қабылдау;

- аутизм спектрі бұзылған білім алушыларға ерекше білім беруді ұйымдастырудың қажеттілігі мен шарттарын түсіну.

Педагогтердің сауалнама сұрақтарына жауаптарын талдай отырып, біз арнайы және инклюзивті білім беру жағдайында аутизм спектрі бұзылған балаларды оқытуға психологиялық және кәсіби дайындық деңгейінің келесі анықтамаларын басшылыққа алдық: жоғары деңгей, орташа және төмен дайындық деңгейлері.

Дайындықтың жоғары деңгейі:

- АСБ бар балалардың жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктері туралы білімі бар;
- АСБ бар балаларға оң көзқарас танытады;
- ЕББҚ білім алушыларға арнайы білім берудің ерекшеліктерін түсінеді және инклюзивті білім берудің құндылықтарын қабылдайды;
- Аутизм спектрі бұзылған балаларға инклюзивті білім беруді ұйымдастыру үшін қажетті білімге ие;
- АСБ бар білім алушыларға арнайы және инклюзивті білім беру;
- АСБ бар білім алушылардың білім алуын ұйымдастыру жағдайларын қамтамасыз ету үшін негізгі педагогикалық технологияларды меңгерген;
- педагог инклюзивті білім беру ортасының барлық қатысушыларымен ынтымақтастыққа және өзара іс-қимылға дайын.

Дайындықтың орташа деңгейі:

- болашақ педагогтың аутизм спектрі бұзылған білім алушыларға арнайы және инклюзивті білім беруді ұйымдастыру саласында білімі шектеулі;
- аутизм спектрі бұзылған балалармен жұмыс істеу нысандары мен әдістері туралы білімінің жеткіліксіздігі байқалады;
- психологиялық тұрғыдан АСБ бар білім алушылармен жұмыс істеуге дайын болмауы мүмкін;
- болашақ педагог аутизм спектрі бұзылған білім алушыларға арнайы және инклюзивті білім беруді ұйымдастыру жағдайларын қамтамасыз ету үшін арнайы педагогикалық технологияларды игеруге дайын болса да, АСД бар білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай барлық тобын оқытуға жеткілікті деңгейде сенімді емес,

Дайындықтың төмен деңгейі:

- болашақ педагог аутизм спектрі бұзылған білім алушылармен психологиялық немесе кәсіби тұрғыдан жұмыс істеуге дайын емес.
- болашақ педагог арнайы және инклюзивті білім беруді жүзеге асыруды толықтай қолдамайды
- АСБ бар білім алушыларды оқытуды ұйымдастыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге дайындығы төмен.
- инклюзивті білім берудің жаңа формалары мен әдістерін игеруге деген қызығушылық төмен;
- Инклюзивті білім беру ортасында жеке және сараланған тәсілдерді қолдану, аутизм спектрі бұзылған білім алушылар үшін арнайы білім беру жағдай жасау шарттары туралы хабардарлығы төмен.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛҚЫЛАУЛАР Инклюзивті білім берудің мәнін анықтау кезінде (инклюзивті білім беру -бұл ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерінің әртүрлілігін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қол жетімділікті қатамасыз ету) болашақ мұғалімдер тек бір дұрыс жауапты тандау ұсынылған еді. Толық сұрақтар мазмұны мен жауап саны ұсынылып отыр (кесте 1).

Кесте 1- Сұрақ мазмұны мен жауап нұсқалары

N	Сұрақ мазмұны	Жауап нұсқалары
1	Инклюзивті білім беру - бұл ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерінің әртүрлілігін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қол жетімділікті қатамасыз ету	62 (73 %)
2	Жалпы орта білім беретін мектептерде АСБ бар білім алушыларды оқыту	12 (14 %)
3	Аутизмі бар білім алушыларды ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға арналған жалпы орта білім беретін мектепте оқыту	6 (7%)
4	АСБ бар білім алушыларды бейімделген негізгі жалпы білім беру бағдарламаларымен оқыту	5 (6%)

АСБ бар білім алушылардың инклюзивті білім беруді ұйымдастыруға қатынасы туралы сауалнамаға алынған жауаптар мазмұнын келесі кестеден көре аламыз (кесте 2).

Кесте 2 -АСБ білім алушылардың инклюзивті білім беруді ұйымдастыру

N	Сұрақ мазмұны	Жауап нұсқалары
1	Басқа білім алушылармен бірлескен сыныпта (инклюзивті)	65 (76 %)
2	Психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның қорытындысына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыратын жекелеген жалпы білім беру ұйымдарында	72 (84 %)
3	АСБ бар ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚ) білім беру қызметін жүзеге асыратын жалпы білім беру ұйымдарының жекелеген бастауыш сыныптарында	21 (49%)

Аутизм спектрі бұзылыстары бар білім алушылар үшін арнайы білім беру ортасын құру туралы сұраққа бірнеше жауап түрлері берілді: аутизм спектрі бұзылған балаларды оқыту үшін арнайы жағдайлар жасау қажет деп санағандар (90 %); оқытудың арнайы технологиялары мен әдістерін қолдану қажеттілігін қолдағандар (92 %); арнайы дидактикалық материалдар мен арнайы жабдықтарды пайдалану қажет деп санайтындар (95%).

Аутизм спектрі бұзылыстары бар білім алушыларды тьютерлік сүйемелдеуді ұйымдастырудың қажеттелігі туралы сұраққа бірнеше нұсқаларын белгілеуге мүмкіндік алды. Соның негізінде келесі мазмұндағы жауаптар алынды: АСБ бар білім алушыларды тьютерлік сүйемелдеу қажеттілігі аутизм спектрі бұзылыстары бар баланың психикалық дамуы тежелгендерге (ПДТ) арналған бастауыш жалпы білім берудің бейімделген негізгі білім бағдарламасын меңгеру қиындығына байланысты дегендер (90%); сыныптастарымен қарым-қатынасты орнату қиындықтарымен (75 %); АСБ бар білім алушыларды АСБ бар білім алушыларды өзіндік мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты (88 %); ата-аналар тарапынан тьютор ұсынуды талап ететіндерін қолдайтындар (42 %).

Аутизм спектрі бұзылыстары бар білім алушылармен жұмыс істеуге психологиялық дайындықтың қалыптасуы туралы сұраққа жауап беруде бір жауап шеңберінде тұжырымдады. Осыған орай ол келесі мазмұн құрады: АСБ бар білім алушылармен жұмыс істеуге психологиялық дайындығы жеткілікті дегендер (65 %); психологиялық дайындығы толық қалыптаспағанымен бұл категория балаларымен жұмыс істеуге деген дайындығым орташа деңгейде деп санайтындар (23%) және АСБ бар білім алушылармен жұмыс істеу мен үшін қорқынышты деп ойлайтындар (12%).

Зерттеу барысында біз болашақ кәсіби жұмысында аутизм спектрі бұзылған білім алушылармен жұмыс істеуге деген психологиялық дайындығын тексеру міндетін шешу мақсатында Е.С.Слюсаревтің «П психологиялық кедергілері» сауалнамасын бейімдеп қолдандық (кесте 3).

Кесте 3 -»Психологиялық кедергілері» сауалнамасына сипатама

N	Кедергілер түрлері	Балл
1	<i>Психологиялық-танымдық кедергілер</i>	
1.1	АСБ балалардың психологиялық ерекшеліктері туралы білімдерді инклюзивті білім беру үрдісіне саралау және қолдану қиындықтары	
1.2	АСБ балалармен практикалық әрекеттесу дағдыларының қалыптаспауы	
	Барлығы	
2	<i>Эмоционалдық кедергі</i>	
2.1	АСБ баламен оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруға деген сенімсіздік кедергісі	
2.2	Психикалық шиеленіс кедергісі (мазасыздық, АСБ баламен байланыс орната алмау және т.б.)	
2.3	АСБ баламен қарым-қатынастағы қорқыныштың кедергісі	
2.4	АСБ баламен әрекеттесу үрдісінде өзін-өзі ыңғайсыз сезінуден туындайтын ұят пен кінәнің кедергісі	
	Барлығы	
3	<i>Коммуникативтік кедергілер</i>	
3.1	Мәнділік немесе семантикалық (мұғалім мен оқушының бір ұғымды әр түрлі мағынада пайымдауы)	
3.2	Логикалық (мұғалімнің ойлау логикасы АСБ бала үшін қабылдауға қиын)	
3.3	Фонетикалық (сөйлеу бұзылуы, сөйлеу тілінің бұрмаланған грамматикалық құрылымы және т.б.)	
3.4	Лингвистикалық (тілдік) кедергі (мұғалімнің баламалы байланыс құралдарын білмеуі (PECS карточкалары, қолдау көрсету, ым-ишара, әңгімелесу және т.б.)	
	Барлығы	
	<i>Жалпы</i>	

Мұғалімнің психологиялық кедергілерінің қорытынды деңгейін бағалауда аралық мән шкаласы қолданылады және соған сәйкес: 0-1 -балл -төмен деңгей, 11-20 балл -орташа деңгей, 21-30 балл -жоғары деңгей, кедергілердің ең жоғары ауырлығы.

Бұл сауалнама қорытындысында 32 % төмен деңгей, 50 % орташа деңгей және 28% жоғары деңгей көрсетті. Бұл әрине, психологиялық кедергілерінің басымдығының көрсеткіші.

Жүргізілген мониторинг нәтижелерін талдау қойылған мақсатқа сәйкес бізге келесі тұжырым жасауға негіз болды:

- аутизм спектрі бұзылған білім алушыларға инклюзивті білім беру туралы, нормативті-құқықтық база туралы білімдері әлі де толықтыруды, арнайы дайындықты қажет етеді. Болашақ педагогтардың АСБ бар білім алушыларды оқытуға дайындықтары орташа дәрежеде екендігін көрсетті.

- қалыпты білім алушылармен аутизм спектрі бұзылған білім алушыларды біріктере оқытуға болашақ педагогтардың көзқарасы толықтай бірдей еместігін байқатты. Басым көпшілігі инклюзивті сыныпта жұмыс істеуге дайын екендігін тұжырымдаған болашақ педагогтар аутизм спектрі бұзылыстары бар білім алушылар қалыпты, дені сау балалармен тең дәрежеде білім алуға толық құқығы бар екендігімен негіздеді.

- аутизм спектрі бұзылған білім алушыларды оқытуда қолданылатын оқыту технологиялары туралы мағлұматтарының аздығын бүгінгі таңда бұл категория балалары туралы республика көлемінде тәжірибе аздығымен, ізденіс үстінде болуымен түсіндірді; Алайда басым педагогтардың басым көпшілігі оларды игеруге деген қызығушылықтарының жоғары екендігін байқатты;

- болашақ кәсіби жұмысында аутизм спектрі бұзылған білім алушылармен жұмыс істеуге деген психологиялық дайындығын тексеру бұл бағыттағы жұмыстың қанағаттанарлық емес деңгейін дәлелдеді.

Сонымен қатар АСБ бар білім алушылар көмекке мұқтаж екендіктерін және мұғалім тарапынан қолайлы жағдай туғызып, сапалы білім беру үшін тырысамын деген жауаптары дәлел бола алады. Алайда қазіргі күн сұранысына сәйкес болашақ педагогтарды инклюзивті білім ортасындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың түрлі категориясымен жұмыс істеуге дайындау үздіксіз білім беру бағдарламаларын толықтыруды, жаңартуды қажет ететіндігін басты назарды ұстауымыз керек.

ҚОРЫТЫНДЫ. Аутизм спектрі бұзылған балаларды оқытуға, оның ішінде инклюзивті практиканы іске асыруға педагогтердің психологиялық және кәсіби дайындығын қалыптастыру ақпараттық (білім) дайындықты қалыптастырудан басталатындығы анық. Сондықтан да болашақ педагогтарды АСБ бар білім алушылармен жұмыс істеуге психологиялық дайындығының негізін оның ақпараттық дайындығының негізгі көрсеткіштері құрау қажет деп есептейміз, олар:

- арнайы психология және түзету педагогикасы негіздерін игеру;
- инклюзивті білім берудің негізгі ережелерін анықтау және оның идеяларын жұмыс тәжірибесінде жүзеге асыру;
- аутизммен ауыратын білім алушыларға инклюзивті және арнайы білім беруді ұйымдастырудың нормативтік базасын меңгеру;
- аутизм спектрі бұзылыстары бар білім алушылардың жас, жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін терең білу;
- аутизм спектрі бұзылыстары бар білім алушылармен жұмыс істеудің негізгі тиімді формалары мен әдістерін қолдана алу.

Біздіңше, аутизм спектрі бұзылған білім алушыларды түзеу педагогикасы, арнайы психология және білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету саласындағы болашақ педагогтердің құзыреттілігін жүйелі түрде арттыру қажеттілігі ең алдымен білім бағдарламасына өзгеріс енгізіп, білім мазмұнын жаңартуды, толықтыруды қажет етеді. Сондай-ақ аутизммен ауыратын білім алушыларға арнайы және инклюзивті білім беруді іске асыру үшін әдістемелік базаны одан әрі жетілдіру; АСБ және олардың ата-аналарымен ақпараттық-ағарту жұмысының мазмұндылығын серпінді түрде өзгертуді талап етеді.

Қорыта айтқанда, АСБ бар білім алушылар санының көбеюін, олардың психофизикалық даму ерекшеліктеріне сәйкес арнайы білім беру жағдайларын жасау ерекшелігін, аутизм спектрі бұзылған білім алушыларға білім беруді ұйымдастыру ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдарының әкімшілігі аутизм спектрі бұзылысы бар балалармен жұмыс істейтін барлық қатысушыларының психологиялық және кәсіби дайындығын арттыру бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастырып, жандандыруы тиіс. Бұған қоса бұл жұмыс білім беру ұйымында осы санаттағы балалардың болуына немесе болмауына қарамастан жүйелі түрде түрлендірілген, жаңа форматта ұйымдастырылуы маңызды деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Роджерс С. Дж., Доусон Дж. Учебник по денверской модели раннего вмешательства для детей с аутизмом. М. : ИП Толкачев, 2019.- 432 с.
2. Семаго Н. Я, Семаго М. М. Создание специальных условий в образовательном учреждении для детей с расстройствами аутистического спектра. Методический сборник. М. : Инклюзивное образование, 2012.- 56 с.
3. Инклюзивті білім берудің негізгі аспектілерін дамыту бойынша (мәдениет, саясат, практика) әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. - 192 б.
4. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана қаласы: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024ж – 202 б.
5. Симашкова Н. В. Расстройства аутистического спектра у детей. М. : Авторская Академия, 2013. 264 с.
6. Ширли К. Как жить с аутизмом? Психолого-педагогические рекомендации по работе с детьми с аутизмом. М. : Институт общегуманитарных исследований, 2018. 204с.